

Титанның қалдықтары мен сынықтарына қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің кедендік әкелу бажының мөлшерлемесін белгілеу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 26 наурыздағы № 27 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 42 және 45-баптарына және Еуразиялық экономикалық комиссия туралы Ереженің 18-тармағына (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа тіркелген № 1-қосымша) сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссиясы алқасы **шешті**:

1. 2021 жылғы 14 қыркүйектегі Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің № 80-шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің ЕАЭО СЭҚ ТН 8108 30 000 0 кодымен жіктелетін титан қалдықтары мен сынықтарына қатысты кедендік баждың мөлшерлемесі 2024 жылғы 1 сәуірден 2026 жылғы 28 ақпанды қоса алғанда дейінгі кедендік құнның 0 пайызы мөлшерінде белгіленсін.

2. 2021 жылғы 14 қыркүйектегі Еуразиялық экономикалық комиссиясы кеңесінің № 80-шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) ЕАЭО СЭҚ ТН 8108 30 000 0 коды бар позицияда Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертуге "7С)" сілтемесі "89С)" сілтемесімен ауыстырылсын;

б) Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне ескертпелер мынадай мазмұндағы 89С ескертпемен толықтырылсын:

"89С) Кедендік әкелу бажының мөлшерлемесі 0 (нөл) % мөлшерінде кедендік құннан 01.04.2024 бастап 28.02.2026 дейін қоса алғанда қолданылады".

3. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді және 2024 жылғы 1 сәуірден бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
алқасының төрағасы*

Б. Сағынтаев